

2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру үшін қарыз беруші банкті белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 730 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 735 000 000 (жеті жүз отыз бес миллион) теңге сомасындағы қаражат есебінен жүзеге асырылатын ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру үшін қарыз беруші банк ретінде "Аграрлық кредит корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы белгіленсін.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.19. N 1278 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Аграрлық кредит корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі